

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

Салыстырмалы-тарихи тіл білім қашанда өзекті. Себебі түркі тілдерінің тарихы, сөздік құрамының мағыналық дамуы, этимологиясы, өткені мен бүгінгі сол этникалық топтардың тарихынан, мәдениетінен сыр шертеді. Алтай тілдері тобының қыпшақ бұтағындағы бір-біріне өте жақын қазақ және ноғай тілдерінің өзінде түрлі семантикалық өзгерістер орын алғанын зерттеуіміз дәлелдеді. Аталған тілдерді болашақта корпустық лингвистикалық бағытта да қарастыру қажеттігін байқадық.

Осылайша, жоғарыда берілген тұжырымдар негізінде түркі тілдеріндегі ортақ түбірлер семантизациясын талдау арқылы түбірдің бастапқы және кейінгі мағыналарының арасында байланыс бар деп қорытынды жасауға болады. Алайда кейбір ортақ түбірлерге экстралингвистикалық факторлардың әсер еткені де көрініс берді.

Ортақ түбірдің дыбыстық өзгеріске түскен не түспегенін анықтау үшін қазіргі түркі тілдеріндегі, көне жазба материалдардағы мағынасы жақын сөздермен салыстыру маңызды.

Сөз мағынасының өзгеруі – ұзақ процесс. Ол сөздің құрамындағы семантикалық байланыстардың әлсіреуінен немесе күшеюінен туындайды.

Қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің бастапқы, негізгі мағыналары туынды сөздерінде де сақталғанын байқадық. Түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгеру себептері, салдары, заңдылықтары тарихи процестің нәтижесі болып табылады.

Қорыта келе, қазақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлерді семантикалық талдау жүргізе отырып салыстырғанда өзгешеліктер бар екенін көрсетті. Түбірлердің тура мағынасы уақыт өте келе кеңейіп, жаңа бір мағынаға ие болған. Көп жағдайда ноғай тілінде түбірлердің денотаттық мағыналары ғана қолданылса, қазақ тілінде ауыспалы мағыналары қалыптасқандығына және метафоралық-метонимиялық жаңа мағыналарға ие болғанына көз жеткіздік.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы [Текст]. – Алматы, 1991. – 211 б.
2. Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М - во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтурсынова. – Алматы : Арыс, 2005. – 295 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Ногайско-русский словарь: под редакцией Н.А. Баскакова / Государственное издательство иностранных и национальных словарей. – Москва, 1963. – 560 с.
5. Древнетюркский словарь : словарь / АН СССР, Ин-т языкознания ; [редкол. В. М. Наделяев]. – Л. : Наука, 1969. – 676 с.
6. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (1966): монография / Қаз. ССР ҒА, Тіл білімі ин-ты. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
7. Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюрк. и межтюрк. основы на гласные / М. : Наука, 1974. – 767 с.

ӘОЖ 81-112

#### **ТІЛДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҮБІРТЕКТЕРДІ АЖЫРАТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ**

**Болат Аиза**

[aizabolat2005@gmail.com](mailto:aizabolat2005@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева

Түркі тілдерінің табиғатына тиесілі ерекшеліктің бірі – бір түбірден бірнеше жаңа туынды сөз жасауға қабілеттілігі. Туыстас түркі тілдерінің, соның арасында қазақ тілінің

жалғамалы тіл екені қазықтай қағылған қағидаға айналды. Жұрнақ мәселесі бүгінге дейін жан-жақты зерттеліп, әлі де зерттеліп келе жатқаны белгілі. Зерттеуде тіл ғылымындағы түбір туралы пікірлердің алатын орны, қазақ тіліндегі түбірлердің ерекшелігі, бір түбірден тараған түбірлес сөздерді іздестіру мәселелері жолға қойылды.

Қазақ тіл біліміндегі түбірлердің арғы тегі туралы мәселені тұңғыш рет профессор Қ. Жұбанов көтерді. Ол сөздердің тапқа бөлінбеген дәуірі туралы сөз қозғағанда да сөздерді морфемадан да ұсақ бөлшектерге бөліп көрсетеді: «Бұрын ұйғыр тілінде жел деген мағынада *есін* сөзін қолданған. *Есіне*=*есін*+*е*=*жел болу* (жел есті деген тіркесті еске түсірейік. «*Есіне*» сөзінің құрылысы ойна деген сияқты: *ой+n+a – есін+e; a-e*» [1, 120].

Қ. Жұбанов: «Бұрынғы кездегі *a* мен *e* дыбысының, *қ-к* дыбысының, *в-б*, *б-п* дыбыстарының бірлікте болғандығын ескерсек, мәселенің сыры ашыла түседі. Мына төмендегі сөздердің дыбысталуы мен мағыналарының жақындығы олардың бір түбірден өрбігендігін білдіреді: *қап*, *қабық*, *кебек* (*кеуек*), *қауыз* (*ыз-кішірейту*), *қам-а*, *көм*, *киім* (*киит*), *хабар* (*татарша*, *бізше істе деген мағынада*), *қауақ* (*асқабақ*), *кеуек* (*кебек*), *қақпа*=*қап+қа* (*қ/п*) (*құманның қақпағы*), *кеп* (*ішің кепсін*), *кеп-кепеш* (*таз кепеш*); *кеп-кебін кию*; *кебін*. *Қауыз* сөзінің соңындағы *з* дыбысы кішірейту үстеу (жұрнағы) екендігін бұрынғы заманда сөз дауысты дыбыстан басталғанда, *ауыз* болып, оның *қап* (*ыдыс*) сөзіне жақындығын ескеруге болады» [1, 125].

Қазақ тілі – ерекше тіл. Ә. Қайдар: «Жалпы түркі тілдерінің табиғатына тән керемет ерекшеліктердің бірі – көптеген сөздің бір түбірден тарап, ұя-ұя болып тұратын бірнеше туынды сөз тұлғасында қолданылуы. Мәселен, көр деген етістік түбірінен тек қазақ тілінің өзінде ғана: көрме, көрік, көрікті, көркем, көрші, көрініс, көрім, көреген сияқты сөздер туындап тұр. Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілінің екінші бір ерекшелігі о бастағы осындай негізгі (ілкі) түбірлердің тұлғалық жағынан көбінесе (бір, екі, үш және төрт дыбыстан тұратын) бір буынды болып келуінде. Осыған байланысты бір буынды түбірлердің үшінші бір ерекшелігі – олардың бәрі бірдей, тілімізде дербес, жеке сөз ретінде қолданыла бермей, кейбіреулерінің тек туынды сөз құрамында ғана кездесетін, қызметі шектелген, мағынасы күнгірттеніп, табиғаты беймәлім өлі түбірлер санатына енуі», – дейді [2, 44]. Келесі мысалында ғалым дөң түбірі мен оның *доң*, *төң*, *төг*, *тег*, *дег*, *дйі* сияқты нұсқаларын қарастырады. Бұлардан *дөңгелек*, *дөңгалақ*, *төңкер*, *төңірек*, *теңге*, *төгершік*, *тегеуірін*, *дегелек*, *диірмен* деген сөздер тараған. Бір ғана «*диірмен*» деген сөздің түбірі туралы: «қазақша *тйі* деген етістік түбірі ұйғырша *тэг* болып қолданылады; осыдан келеді де қазақша *диірмен*, ұйғырша *түгмән*, қырғызша *тегирмен*, қарашай-балқарша *тирмен*, қарақалпақша *дийирман* (дигирман), башқұртша *тирмән*, түрікше *дегірмен*, әзербайжанша *дәйірман*, туваша *дээрбе* болып өзгеріп, о бастағы бір түбірдің бірнеше варианттары пайда болып отыр» [2, 45]. Бұл тәсіл арқылы дөңгелек сөзінің ілкі түбірін анықтадық: дөңгелек түрік тілінде *daire* (дәйре), *doira* (дойра), *dairə* (дайрә), татарша *дәйре*, *түгәрек*, башқұртша *түңәрәк*, ұйғырша *дүглөк* болып, бұл да *тйі* түбірінен тарағаны дәлелденеді. Осы мысалдардың негізінде ғалым мысалдарын *дөң*, *дөңес*, *түйме* сөздерімен толықтыра аламыз. Ғалымның пікірінше, қазақтағы ру сөзі әуелде ұр болып, кейін дыбыстардың алмасуына ұшыраған. Осыдан кейін *ұрық*, *ұрағат* (жұрағат деп те айтылады), *ұрғашы* (о баста ұр-ық-шы болған), *ұрпақ* сөздерінің құрылысы анықтала түседі. Ұ дыбысының *ү*, *ө* варианттарындағы *үрім бұтақ*, *өрім* (өрімдей жас), *өркен* (өркен жаю), *өріс*, *өрен* сөздерінің де осы түбірден тарағанын байқауға болады.

Соңғы жылдардағы зерттеулер тілде тек бір дауысты дыбыс пен бір ғана дауыссыз дыбыстан құралған тілдік бірліктердің бар екені анықталды. Тіл-тілде фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем сияқты тілдік бірліктермен дәрежелес, алайда біздің заманымызға дейін беймәлім болған алтыншы тілдік бірлік *архесиллаб* (түбіртек) бар екенін анықтайды. Мұндай тілдік бірліктер лексикалық не грамматикалық мағына беріп, түбірлер мен қосымшалардың арғы тегі болатындықтан, ғалымдар оған түбіртек деген атау берген еді. Қандай дыбыстық комбинацияда тұрсын, архесиллаб бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздың табиғи тіркесуінен тұрады да, я лексикалық, я грамматикалық мағына береді. Бүкіл түбір атаулының түп негізі, тегі болып есептелетіндіктен, жаңадан табылған тілдік бірлікке қазақ

тілінде *түбіртек* деген атау берді. Осы атауды ғылыми қолданысқа енгізуді ұсынған Б. Сағындықұлы түбіртек: «Күрделілігі жағынан фонема мен морфеманың аралығынан орын алады. Яғни фонемадан үлкен, морфемадан кіші» [3, 77]. Бұл қасиетіне орай ол силлабологияның нысаны болып, фонология мен морфологияның арасынан орын алатыны жөнінде айтады. Ғалым бұл термин әлем халықтарына, нақтырақ айтқанда шетелдік тілші ғалымдарға түсінікті болу үшін архесиллаб деген терминмен белгіледі. Алайда бұл силлабология зерттейтін буын емес, морфологияның объектісіне ұқсайды дегенге басымдық береміз. Түбір морфеманы анықтау ең алдымен семантикалық принципке сүйенетіндей, түбіртекті анықтау да сөздің ішкі тұлғасына, мағына жақындығына назар аударуды қажет етеді. Түбіртек пен архесиллаб терминдерінің екеуі де әлі кодификацияланбаған. Бұған қарамастан, түбіртектер тілдің өн бойында өмір сүріп, тарихи даму үдерісінде тілмен бірге өзгеріске ұшыраған.

Б. Сағындықұлы түбіртекті ажыратуда қолдануға болатын бірнеше тәсілді көрсетеді:

1. Сөзді сол сөздің өзге тілдердегі варианттарымен салыстыру. Бағзы замандарда әлем халықтарының бәрі бір ғана тілде сөйлеп, кейін дыбыстық өзгерістер нәтижесінде жаңа тілдер пайда болған. Қазақтың *күн* атауы мен орыстың *солнце* атауында мүлдем сәйкестік жоқ дегенмен, ағылшынның *сан* атауы мен арабтың *шамсун* атауын қатар қойсақ, орыстың *солнце* атауымен соңғы буыны фонологиялық тұрғыдан үйлеседі. Бұл туралы ғалым: «Көне санскрит тілінде Күн Құдайының атауы Ша+м+аш. Алғашқы *ша* немесе соңғы *аш* архесиллабының күн ұғымын бергендігі анық аңғарылып тұр. Қазақ тілінде «*күн*» сөзінің ежелгі формасы мен семантикасы «*қашан*» есімдігінде сақталып қалған. Мұндағы «*қа*» бөлшегі ілгері замандарға *қай* деген сұрау мағынасын берсе, «*шан*» бөлшегі *күн* деген лексикалық мағынада жұмсалған. Сонда қазақ тілінде де «*күн*» мағынасын берген *ша* формасы болғандығы анықталады» [4, 6].

2. Жаңа дыбыстарды көне дыбыстармен алмастыру. Ғалым мысал ретінде орыстың *тұз* деген мағынадағы *соль* сөзі мен қазақтың *сор* деген сөзін келтіреді. Мұндағы *л* – жаңа, *р* – көне дыбыс. Осы модельмен орыстың *моль* (күйе көбелек, тонды күйе жеп қою) деген сөзін қарастырсақ, *л* дыбысын *р* дыбысына ауыстыру арқылы *мор* деген сөз аламыз. Көнерген сөздер сөздігінде *мор түтін*, *ыс* деген мағынаны білдіріп, *мор салу*, *морға салу* деген тіркестерде қолданылады [1, 298]. Бұл жерден де мағына жақындығын аңғару қиын емес.

3. Тарихи даму кезінде жойылған буындарды қалпына келтіру. Мәселен, көне түркі ескерткіштерінде кездесетін *артут* сөзі сыйлық деген мағынада жұмсалады. Қазір біз оны тарту дейміз. Ғалым бұл сөздің түбіртегі *тар*, оның бір нұсқасы орыстың *дар* сөзінде кездесетінін айтады [4, 9]. Ішкі флексия құбылысы негізінен қопармалы тілдерге тән болғанымен, түбіртекті анықтау барысында бұл құбылыстың біздің тілімізде де бар екенін аңғаруға болады.

4. Сөздің ішкі және сыртқы формасымен, яғни мағына мен грамматикалық тұлға арасындағы жақындығы бар басқа сөзді іздестіру. *Сүз* (сүттің қаймағын сүзу) бен *жүз* (суда жүзу) етістіктерін бір түбіртектің екі түрлі варианты деп қарастыруға болады. *Жүзу* деген қимылдың атауы қырғызша *сүзүү*, әзірбайжанша *үзмәк*, башқұртша *йөзөу*, татарша *йөзү*, түрікше *yüzmek* (йүзмек), өзбекше *suzish* (сүзиш), қарашай-балқарша *джюзерге*, алтай тілінде *јүзери*, ұйғырша *үзмәк* деп аударылады. Бұл сөздердің түбіртегі *үз* деп қарауға толықтай негіз бар.

5. Бір сөздің жасалу үлгісіне екінші сөзді салып көру. Орақтың түбірі *ор* екенін ескере отырып, *пышақ* деген сөздегі *пыш* түбірін алып, осы түбірге қосымша жалғау арқылы ағаш кесетін кішірек түрі *пышқы* деген құрал атауын аламыз. Қашқари сөздігінде *пышғыл* деген сөз кездеседі. *Пышғыл* сөзі қол-аяқтың, жердің жарығы дегенді білдіреді [2, 537]. *Пішілді* деген сөз бұл сөздікте *пышылды* деп берілген [3, 236]. Ал *пышақ* сөзінің өзі *пішақ* деп жазылған. Осыдан кейін *пыш* түбірінің *пиш*, *нис* деген нұсқаларын қарап көрсек болады. *Пиш* сөзі киімді тігер алдында өлшеп, не үлгіге салып *кесу* дегенді білдіреді [2, 428]. Қашқари сөздігінде *тілім*, *кесім* дегенді *пишім* деп келтірген. Кей сөздіктерде *пұш* деп тәйке түспесін деп алшы жағы жонылған асықты айтатыны келтірілген. *Пұшық* деген сөздің өзі келте, таңқы мұрын дегенді білдіреді [2, 410]. Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде Гурьев, Маңғыстау өңірлерінде *пұшық*

дегеннің *бышық* деп айтылатыны жазылған. *П* дыбысының *б* дыбыспен сәкестігін ескеріп, *пыш* түбірінің *быш* деген нұсқасын қарастырып көрсек те болады. Түркі сөздігінде *бышма* деген орылған деген мағынаны білдіретіні, ал *бышыш* деген сөздің мағынасы Үлкендердің, ұлықтардың сияпатына келгендерге таратуға берілетін асыл, жібек кездеме, жыртис деп берілген. Чуваш тілінде пышақты *пiзе* деп атайды. Біздің етік тігетін бізіміз осы пізден шыққан болса керек. Бізбен пісіп алуға болатынын ескерсек, *піс* деген тағы бір нұсқаны аламыз. Сонымен, *пыш, піш, пұш, піс, быш, біз* дегеннің бәрі бір түбірдің әртүрлі варианты болуы мүмкін. Соңғы екі тәсілді Қ. Жұбанов үлгісіне сүйеніп, өзіміз ұсынып отырмыз.

Қорыта келе, түбір морфеманың бастапқы формасын анықтау тілдің зерттелу деңгейін тереңдете түседі. Сөздің алғашқы тұлғасын қалпына келтіру тіл заңдылықтарын жетік білуді, логиканы, дыбыстық құбылыстар мен тіл заңдылығын ескеруді талап етеді. Тілдің құрабындағы ілкі түбірлерді анықтау – іргелі жұмыс.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
2. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. 1-том. – Алматы: Сардар, 2014, – 520 б.
3. «Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына 25 дәріс»: ғылыми-әдістемелік семинар материалдарының жинағы (2016 жылдың 16-25 қарашасы). – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016. – 163 б.
4. Сағындықұлы Б. Архесиллабтарды (түбіртектерді) айырып-ажыратудың жаңа тәсілдері. // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2017. – №2.

### Сөздіктер

1. Қайыржан К. Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: Өнер, 2013. – 480 б.
2. Қашқари М. Түрік сөздігі. 2-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 528 б.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 590 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст.: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Ж. Қоңыратбаев және т.б. – Алматы, 2011 – 752 б.

ӘОЖ 81-114.2

## МАНИПУЛЯЦИЯ: ТҮСІНІГІ, ТҮРЛЕРІ, ТІЛДІК МАНИПУЛЯЦИЯ

Досан Дана

[chukenaeva@mail.ru](mailto:chukenaeva@mail.ru)

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 3-курс студенті, Талдықорған қ.,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Шүкенай Гүлім Төлеуқызы

Жаһандану үдерісіндегі жаңалықтардың бірі – сананы манипуляциялау. Ақпарат құралдары аса қарқынды дамыған заманда адам психикасын белгілі бір мақсатта қолдана отырып, оның түсініктерін, мақсаттарын, пікірі мен ниетін өзгерту аса қиын емес. «Ақпараттық соғыс» аталып келген құбылыс «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» құралдар мен әлеуметтік желілер пайда болғалы үдей түсті. Бұл тақырыптың ғылымда өзекті болуының бірнеше себебі бар. Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң азаматтардың құндылық жүйесі өзгерді. Идеологиялық вакуум орын алды. Қоғамдағы азаматтардың ақпараттарды сын тұрғысынан қабылдау, өңдеу, бағалай алу қабілетінің деңгейі де төмендеді. Кеңестік кезеңнің қойған талаптары мен тыйымдарының нәтижесі адамдардың діни